



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2023 жылғы 17 мамырдағы № ДС-180 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Қабылдаушы кәсіптік отбасылар институтын енгізуге қатысты мынаны хабарлаймын.

Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы отбасының баламалы нысандары: асырап алу, қорғаншылық (қамқоршылық), патронаттық тәрбие және қабылдаушы отбасы («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 166-бабы) құрылымдары арқылы іске асырылады.

Анықтама: республикада 22 081 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар (бұдан әрі – жетім балалар) бар, олардың ішінде 18 291 (83%) бала отбасыларында тәрбиеленуде.

Жетім балаларды отбасына орналастыру рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін жетім балаларға арналған ұйымдардың оларды отбасыларға орналастыру процесіне әсерін болдырмайтын жетім балалардың республикалық деректер банкі (бұдан әрі – РДБ) жұмыс істейді (Кодекстің 118-1-бабы). РДБ жетілдіру мақсатында 2024 жылдан бастап оны модификациялау және басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық базаларымен интеграциялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұлттық білім беру деректер базасының ақпараттық жүйесімен интеграциялау жөніндегі жұмысты бастау жоспарлануда.

Балаларды жетім балаларға арналған ұйымға қайтару жағдайларын болдырмау мақсатында әлеуетті асырап алушы ата-аналардың психологиялық даярлық бағдарламасынан міндетті түрде өтуі бойынша талап енгізілді (Кодекстің 91-бабының 4-тармағы).

Әлеуетті асырап алушы ата-аналарды психологиялық даярлауды жүзеге асыратын және оларға өтеусіз негізде құқықтық көмек, психологиялық және психологиялық-педагогикалық кеңестер беретін жетім балаларды отбасыларға орналастыруға жәрдемдесуді жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі заңнамамен бекітілді (Кодекстің 114-1-бабы).

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында қабылдаушы кәсіби отбасыларды енгізу, оларда тәрбиеленушілерді психологиялық және құқықтық қолдау қызметтерін құру

арқылы балаларды қолдау орталықтарының қызметін трансформациялау, олардың отбасылық құрылысына жәрдемдесу жөніндегі шаралар көзделген.

Бүгінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 116 ұйымда 3790 бала тәрбиеленуде.

Балаларды отбасылық тәрбиемен қамтамасыз ету мақсатында қабылдаушы отбасылар базасында қабылдаушы кәсіптік отбасылар құру ұсынылады. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңына, Кодекске қабылдаушы кәсіптік отбасыларды құру тәртібін, қабылдаушы кәсіптік тәрбиешілерге қойылатын талаптарды, әлеуметтік кепілдіктер мен төлемдердің тізбесін регламенттейтін түзетулер әзірленді.

Қабылдаушы кәсіптік отбасы – бұл психологиялық даярлықтан өткен, қорғаншылық және қамқоршылық органдарында (*шарт негізінде*) рұқсат алған, тәуліктің кез келген уақытында, оның ішінде жұмыс уақытынан тыс уақытта денсаулығының жай-күйіне қарамастан төрт баланы қабылдауға дайын отбасы деп болжанады.

Қабылдаушы кәсіптік отбасы мен қабылдаушы отбасының қазіргі моделінің басты айырмашылығы - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар анықталғаннан кейін интернаттық ұйымдарға орналастырылмай (*бір отбасында ең көбі 4 бала, оларды тәрбиешілер таңдау құқығынсыз, бауырларын ажыратпай*) бірден кәсіби оқытылған тәрбиешілерге орналастырылады.

*Анықтама: Еуропа елдерінің (Франция, Финляндия, АҚШ) фостерлік отбасы модельдерін талдау баланың балалар үйіне кірмей-ақ биологиялық отбасына жақын тәрбие алатынын көрсетті. Бұл ретте асырап алушы ата-аналарға қойылатын талаптар белгіленеді: жасы 25 жастан асқан, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, тұрғын үй, тұрақты табыс және көлік құралы саласында білімінің болуы, сондай-ақ міндетті оқыту мен лицензиялаудан өтуі.*

Ұсынылған модельге сәйкес қабылдаушы кәсіптік тәрбиешілер тек соттылығы жоқ, наркологтың, психологтың есебінде тұрмайтын, баспанасы бар, психологиялық даярлықтан өткен, қорғаншылық немесе қамқоршылық органдарында тиісті рұқсат алған 30 жастан 53 жасқа дейінгі Қазақстан азаматтары ғана бола алады. Тіркелген некеде тұрмаған ер адамдардың асырап алушы кәсіби тәрбиеші болуға құқығы жоқ (*Кодекстің 122-бабы*).

Қабылдаушы кәсіптік тәрбиешілерді психологиялық даярлауды жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі ұйымдар аталған ұйымдардың қаражаты есебінен өтеусіз негізде жүзеге асыратын болады (*Кодекстің 91-бабы*).

Балаларды шарт негізінде беруді жүзеге асыру, әрбір жетім баланы күтіп-бағуға ай сайынғы жәрдемақы төлеуді және балалардың отбасында болу мерзіміне байланысты әрбір қабылдаушы кәсіптік тәрбиешінің қызметтеріне ақы төлеуді жүргізу жоспарлануда.

Алдын ала есептеулер бойынша 2024 - 2026 жылдарға арналған республикалық бюджеттен осы нормаларды іске асыру үшін қосымша шамамен

1,5 млрд теңге қажет болады (*есеп айырысулар Қаржы министрлігінің қарауына жіберілді*).

Қабылдаушы кәсіптік отбасыларды сүйемелдеуді және осы отбасыларға берілген балаларды кейінгі бақылауды қорғаншылық және қамқоршылық органдары, сондай-ақ жетім балаларға арналған интернаттық ұйымдар жүзеге асыратын болады.

Қабылдаушы кәсіптік отбасыларға берілген балалардың өздеріне тиесілі алименттерге, ата-аналарының зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақыларға және басқа да әлеуметтік төлемдерге құқығы, сондай-ақ тұрғын үй алу құқығы және т.б. сақталады.

#### *Пилоттық жобаны іске асыру туралы*

Ақмола облысында ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап балаларды отбасыларға орналастырудың жаңа тетігін (*Оқу-ағарту министрі, Әкім, «Ана үйі» ҚҚ арасындағы үшжақты меморандум*) әзірлей отырып, жұмыс істеп тұрған қабылдаушы отбасылар базасында қабылдаушы кәсіптік отбасыларды құру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру басталды. Пилот шеңберінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды, әлеуетті отбасыларға психологиялық диагностика жүргізіледі, психолог пен әлеуметтік қызметкердің отбасылармен жұмыс істеу алгоритмі, қабылдаушы кәсіби ата-аналарды оқыту бағдарламасы әзірленді.

Бүгінгі күні қабылдаушы кәсіптік отбасыларды енгізу бойынша заңнамалық түзетулер білім беру және бала құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заң жобасына (*бұдан әрі – заң жобасы*) енгізілген.

Заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспарына сәйкес заң жобасы Парламент Мәжілісіне енгізілетін болады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың баламалы нысандарын дамыту жөніндегі жұмыс жалғасуда және Үкіметтің ерекше бақылауында.

Осы мәселенің жоғары әлеуметтік маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Үкімет депутаттық корпуспен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасылық орналастыру нысандарын дамытуға бағытталған сындарлы ұсыныстарды талқылауға дайын екендігін білдіреді.

**Т. Дүйсенова**